

Құрметті ата-аналар! 1 сәуірден бастап Қазақстанда балаларды бірінші сыныпқа қабылдау үшін құжаттарды қабылдау басталады. Қазақстанда мектептің (жалпы білім беретін білім беру ұйымының) бірінші сыныбына алты жасқа толған, ағымдағы күнтізбелік жылы алты жасқа толатын, яғни қыркүйек-желтоқсан айларында туған балалар, бірінші сыныпқа бара алады, өйткені күнтізбелік жылдың соңына дейін олар толық алты жасқа жетеді және мектепке қабылдануға құқылы.

Құжаттарды www.egov.kz "электрондық үкімет" порталы арқылы беруге болады www.egov.kz

Мектепте өтініш беру үшін өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары ұйымдастырылған.

Қажетті құжаттар:

- 3x4 өлшеміндегі баланың сандық фотосуреті;
- 052-2/у медициналық анықтамасы "бала денсаулығының паспорты"
- 065/у медициналық анықтамасы "профилактикалық егу картасы"

